



Автор: Жексенбаева Асем Бекетовна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис

Тақырып: Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.7.1. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау. 9.4.4.3. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Оқулықтар мен ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдана алады, авторына сілтеме жасайды. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата алады, түрлендіріп қолданады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Оқулықтар мен ғылыми еңбектерден алынған деректерге дәлел келтіреді, өз ойын өмірмен байланыстыра алады. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратып қолданады. Кейбір оқушылар орындай алады: Оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі деректерге талдау жасайды, өзіндік пікірін қалыптастырады. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін талдай алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: - дәлел келтіреді. - авторына сілтеме жасайды. - өзіндік ой тұжырымын білдіреді. - деректерді талдайды. Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология: Гендік инженерия, иммунитет, гендік модификация. Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Менің ойымша... Менің байқауымша... Ойымды қорыта келе...
Күтілетін нәтиже:	Талқылауға арналған сұрақтар: * Биотехнология терминін қалай түсінесіңдер? * Қазіргі Биотехнологияның бағыттары қандай?
Бағалау критерийлері:	Оқулықтар мен ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданады. Авторына сілтеме жасайды. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Экономика, биология, химия, т.б.
Бастапқы білім:	«Айналмалы бекет» стратегиясы арқылы өткен білімді еске (3-4 мин) түсіру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (Басы (6-7 мин))	Ұйымдастыру сәті. Сабаққа қызығушылықты ояту. Миға шабуыл.«Суреттер сөйлейді» әдісі. -Суреттерге мұқият қараңдар, не байқадыңдар?Топқа тірек сөздермен бөлу. 1-топ: Иммунитет 2-топ: Биотехнология 3-топ: Жасуша Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсаты және бағалау критерийлері таныстырылады.	
Сабақтың ортасы (Ортасы (20-25 мин))	ТЖ 1-тапсырма. Берілген мәтінді түсініп оқыңдар. А) Мәтінде не айтылған? Ғылыми еңбектің авторы кім? Ә) Тақтадағы суретпен мәтінді байланыстырып дәлел келтір. Б) Мәтіндегі академиктің пікірін өмірмен байланыстырып дәлелде. «Пікірлер желісі» стратегиясы. Дескриптор: - Мәтінді түсініп оқиды. - Өз ойын білдіреді. - Суретпен байланыстырады. - Дәлел келтіреді. - Өмірмен сабақтастырады. - Өз көзқарасын айтады. ҚБ: Өзара бағалау. Графиттік(жетондар арқылы) Ж. 2-тапсырма. Аудиожазбаны тыңдаңдар. А) Оқылым мен тыңдалым мәтінін салыстырып, сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлеріне талдау жаса. Б) Оқылым мен тыңдалым мәтіні негізінде сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып, өзіндік көзқараста монолог құрастыр. Дескриптор: - Мәтінді түсініп тыңдайды . - Сабақтас құрмалас сөйлемді қолданады. -Монолог құрастырады. ҚБ: Өзара бағалау. Ауызша. «Дұрыс, бұрыс» әдісі ЖЖ. 3-тапсырма. «Үш ұйғарым» әдісі. Дәптермен жұмыс. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып, тұжырым кестесін толтыр. Тыңдалым мәтініндегі ой Оқылым мәтініндегі ой Менің пікірім Дескриптор: - Ойды тұжырымдайды. - Сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолданады. - Өз ой пікірін білдіреді. ҚБ: Өзара бағалау. Ауызша. (мадақтау сөздер арқылы «Жарайсың!»)	Дәптермен жұмыс. 5e5746eff0005.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (5-7 мин))	Рефлексия. «Нысана» әдісі. 5e57471ca35db.png Image not found or type unknown Маған не қызықты болды? Маған не түсінікті болды? Маған қандай көмек қажет?	«Нысана» әдісі. 5e57476761a6f.png Image not found or type unknown
Рефлексия (5-7 мин))	Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	